

САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ:

АНЫҚТАМА

Орындаған: Кульманова М.Н.

Сабақтың мақсаты

Анықтама және оның құрылымы, түрлерімен таныстыру, мәлімет беру

Сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, анықтама түрлерін құрастыра білуге үйрету.

Тақырыпты түрлі жаттығулар, жағдаяттар арқылы меңгерту.

Сабақтың міндеті

Анықтаманы
сауатты
құрастыруға
дағдыландыру.

Жағдаяттар
бойынша
жұмыс жүргізу.

Тақырыпқа
қатысты сөздер
мен сөз
тіркестерін
меңгерту

**АНЫҚТАМА
МАЗМҰНЫ**

ДЕРЕКТІ

РАСТАЙТЫН

ДӘЛЕЛДЕЙТІН

СИПАТТАЙТЫН

**ақпараттық-анықтамалық іс
қағазының бір түрі**



АНЫҚТАМАНЫҢ ТҮРІ

```
graph TD; A[АНЫҚТАМАНЫҢ ТҮРІ] --> B[1. растау, дәлелдеу мақсатында]; A --> C[2. қорытындылау, бағалау мақсатында];
```

1. растау, дәлелдеу
мақсатында

2. қорытындылау, бағалау
мақсатында



Анықтаманың мазмұндық-құрылымдық жүйесі

```
graph TD; A[Анықтаманың мазмұндық-құрылымдық жүйесі] --> B[1. құжат аты]; A --> C[2. негізгі мәтін]; A --> D[3. анықтаманың қай ұйымға берілгені туралы мәлімет]; A --> E[4. анықтаманың жарамдылық мерзімі жайлы мәлімет]; A --> F[5. анықтама беруші адамның қолы мен анықтаманы беріп отырған ұйымның мөрі];
```

1. құжат аты

2. негізгі мәтін

3. анықтаманың қай ұйымға берілгені туралы мәлімет

4. анықтаманың жарамдылық мерзімі жайлы мәлімет

5. анықтама беруші адамның қолы мен анықтаманы беріп отырған ұйымның мөрі

1. Құжат аты. Құжат аты үлкен әріптермен парақтың ортасына жазылады.

2. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін анықтаманың берілу мақсатына қарай

жазылады. Мысалы:

"Осы анықтама Бердібаева Айгул Оралбекқызына берілді.

Бердібаева Айгул Оралбекқызы шын мәнінде Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің экономика факультеті

күндізгі бөлімінің III курсында оқитынын растау үшін берілді."

3. Анықтаманың қай ұйымға арналып берілгені туралы мәлімет. Бұл мәлімет негізгі мәтіннен төмен, азат жолдан басталып жазылады.

Мысалы:

- "Анықтама Алматы қаласы Алмалы аудандық паспорт бөліміне көрсету үшін берілді " немесе "Анықтама темір жол және әуе кассаларына көрсету үшін берілді."*

4. Анықтаманың жарамдылық мерзімі туралы мәлімет

Бұл мәлімет те жаңа жолдан жазылады және берілген анықтаманың қай мерзімге дейін күші бар екендігі көрсетіледі.

Мысалы:

- *"Анықтама 2012 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды."*
- *"Анықтама берілген күннен бастап 3 айға дейін жарамды."*
- *"Анықтама 10 күн өз күшінде."*

5. Анықтама беруші адамның қолы.

Бұл мәлімет анықтаманың жарамдылық мерзімінен кейін жаңа жолдан 2 см-дей қалдырылып барып жазылады.

Анықтама беруші тұлғаның лауазымы жазылады, қолы қойылады және фамилиясы, аты-жөні беріледі.

Мысалы:

Экономика факультетінің деканы

(қолы)

Сагымбеков Т.С.

- Кез-келген анықтаманың тіркелген нөмірі, жауапты адамның қолы, мекеме мөрі басылғанда ғана заңды күшке ие болады.

II. Анықтама белгілі бір мекемелердегі, ұйымдардағы немесе олардың бөлімшелеріндегі жұмыс түрлерін тексеріп қорытындылау, бағалау мақсатында да жазылады. Ондай анықтамалар арқылы белгілі бір өкілдігі бар адамдар тобы тексерілген істер бойынша (мысалы оқу орнының оқу-тәрбие жұмысын тексеру, өндіріс орындарының міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шараларын тексеру т.б.) өз пікірлері мен қорытындысын жоғарғы ұйымға, басшыларға жеткізеді.

- Анықтамада тексерудің мақсатына қарай барлық деректер мен оқиғалар рет-ретімен жүйелі түрде жазылуы тиіс.

1-тапсырма. Анықтама үлгілерімен танысып, оқып шығыңыздар.

Анықтама №11/2

15 ақпан 2013 ж.

Осы анықтама студент Асқапова Арайға берілді.

Асқапова Арай шын мәнінде Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті халықаралық қатынастар факультетінің 4 курсына оқиды.

Анықтама кітапханаға тапсыру үшін берілді.

Анықтама 10 күн өз күшінде.

Мөр орны Оқу бөлімінің бастығы / қолы/ Ә.Мергенбаева

Анықтама №12/1

20 қазан 2012 ж.

Осы анықтама Алматы қаласы Абай даңғылындағы 15-үй, 25 пәтердің тұрғыны Әділбеков Әлішерге берілді.

Оның отбасында өзінен басқа үш адам бар:

1. Жұбайы – Артықбаева Мадина, 1985 жылы туылған.
2. Ұлы – Әділбеков Данияр, 2006 жылы туылған.
3. Қызы – Әділбекова Дана, 2008 жылы туылған.

Анықтама әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне тапсыру үшін берілді.

Анықтама 10 күн өз күшінде.

Мөр орны “Тұрмыс” тұрғын үй

ұжымының төрағасы /қолы/ А.Б. Таңатаров

Анықтама №12/2

Жұмағұлова Өміргүл Ақанқызы Абай атындағы Алматы ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми диссертация залына "Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің оралымы" атты тақырыпта жазылған кандидаттық диссертациясының 1 (бір) данасын, авторефераттың 2 (екі) данасын 2010 жылдың 2 ақпанында тапсырды.

Анықтама диссертациялық кеңеске тапсыру үшін берілді.

Мөр орны Кітапханашы: /қолы/ А. Бақберген

Анықтама 11/2

25 ақпан 2012 ж.

Осы анықтама азамат Құлшанов Нүркенге берілді.

Құлшанов Нүркен шын мәнінде Қазақ ұлттық аграрлық университетінде оқытушы болып жұмыс істейді.

Анықтама Әуезов аудандық салық инспекциясына көрсету үшін берілді.

Анықтама берілген күннен бастап 3 айға дейін жарамды.

Мөр орны Кадр бөлімінің бастығы: /қолы/ С. Сабырова

2-тапсырма. Жоғарыда берілген анықтамалар бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Анықтамалар кімге берілген?
2. Анықтамалар не үшін берілген?
3. Қайда тапсыру үшін берілген?
4. Анықтама кімнің атынан берілген?

3-тапсырма. Сөз тіркестерін аударыңыздар.

Шын мәнінде, салық инспекциясы, әлеуметтік қамсыздандыру, пәтер тұрғыны, тапсыру үшін, тұрғын үй, өз күшінде, жарамды, 1 данасы, диссертациялық кеңес.



4-тапсырма. Қатесін түзетіңіздер.

Анықтама

Осы анықтама жолдас Жантасов Сәкенге берілді. Ол шын мәнінде Заң академиясының 3 курс оқиды. Анықтама кітапхана берілді.

Оқу бөлімі

А. Жарқынбек

5-тапсырма.

Анықтаманың

мазмұндық-

құрылымдық

жүйесін

дұрыс

орналастырыңыздар.

Осы анықтама С.Сапарға берілді.

Анықтама №62/1

21.02.2011 ж.

Банкке тапсыру үшін берілді

Бухгалтерия бөлімінің бастығы /қолы/

Ж.

Танабаева

С. Сапардың шын мәнінде айлық жалақысы 147 565

(жүз қырық жеті мың бес жүз алпыс бес) теңгені

құрайды.

Анықтама 10 күнге жарамды

Жағдаяттар бойынша анықтама жазыңыздар.

1. Анықтама Санжар Нұржанұлының мекен-жайын растау үшін әскери комиссариатқа керек. Мекен-жайы: Талдықорған қ., Әйтеке би к-сі, 5-үй, 18 пәтер.
2. Анықтама ұлттық кітапханаға Дәулетова Маржанның әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде (1-курс) оқитынын растау үшін қажет.
3. Анықтама Толымбеков Асқардың әйелі және екі ұлы бар екенін растау үшін Тұрғын үй департаментіне қажет.
4. Анықтама Алтаева Жазираның Алматы қаласы Түркісіб аудандық салық комитетінде бас инспектор болып қызмет атқаратынын растау үшін қажет.

Үйге тапсырма.

Белгілі бір мекемедегі жұмыс түрлерін тексеріп қорытындылау, бағалау мақсатында анықтама жазыңыз.

Анықтамада тексерудің мақсатына қарай барлық деректер мен оқиғалар рет-ретімен жүйелі түрде жазылуын қадағалаңыз.

